ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ
ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Б Ұ Й Р Ы Қ
Қарағанды қаласы

П Р И К А З
город Караганда

28.11.2025 № 147-ОЕК

«Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Балқаш қ. сарқынды суларды бұру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекіту туралы

Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңының 8-бабының 15) тармақшасына, 33-бабының 1 тармағының 2) тармақшасына сәйкес, және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген, Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 222-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, 2024 жылғы тарифтік сметаның орындалуына жүргізілген талдау нәтижесінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі О.А.Бектеновтың 2025 жылғы 17 қазандағы бекітілген, макроэкономикалық тұрақтылықты және экономикалық реформалардың теріс салдарын жою іс-шаралар жоспарының 4 тармағын орындау мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қазақстан Республикасы «Табиғи монополиялар туралы» Заңын бұзғаны салдарынан тұтынушыларға 2024 жылға тарифтік сметадағы шығын баптарының орындалмауы бойынша 4 475,8 мың теңге сомасы көлемінде залал келтіргендіктен, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру 18% жылдық ставкасымен қоса есептегенде 5 281,44 мың теңге мөлшерінде негізсіз алынған кіріске «Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Балқаш қ. сарқынды суларды бұру қызметіне уақытша өтемдік тариф бекітілсін.

2. «Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Балқаш қ. сарқынды суларды бұру қызметіне **2025 жылдың 1 желтоқсанынан бастап 2026 жылдың 16 сәуіріне** дейін 4,5 айға дейінгі мерзімге ҚҚС-сыз 1 м3 үшін **97,07 теңге** мөлшерінде уақытша өтемдік тариф бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің заңнаманың сақталуын бақылау, талап арыз және ұйымдастыру жұмыс бөлімі осы бұйрықты «Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4.«Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі уақытша өтемдік тариф бекітілгендігі туралы ақпаратты, заңмен белгіленген мерзімде тұтынушылар назарына жеткізсін.

5. «Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментіне тұтынушыларды хабардар ету фактісі туралы ақпаратты ұсынсын.

6. Қағидаларының 229 тармағына сәйкес, «Балхаш Су» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі уақытша өтемдік тарифтің қолданылуы кезеңінде ай сайын көрсетілетін қызметтерді төлеу туралы төлем құжатындағы реттеліп көрсетілетін қызметтің құнына ескертпе түрінде тарифтің төмендетілгені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына жеткізсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Қ.Мустапинге жүктелсін.

8. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **Қ. Бейсенов**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ
РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ

ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА
ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ
ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ
город Караганда

28.11.2025 № 147-ОД

Об утверждении временного компенсирующего тарифа товариществу с ограниченной ответственностью «Балхаш Су» на услуги отвода сточных вод г. Балхаш

В соответствии с подпунктом 15) статьи 8, подпунктом 2) пункта 1 статьи 33 Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», подпунктом 2) пункта 222 Правил формирования тарифов, утвержденных, приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 19 ноября 2019 года № 90, по результатам проведенного анализа исполнения тарифной сметы за 2024 год, в рамках исполнения пункта 4 Плана мероприятий по обеспечению макроэкономической стабильности и нивелированию негативных последствий экономических реформ, утвержденного Премьер-Министром Республики Казахстан Бектеновым О.А. от 17 октября 2025 года, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. За нарушение Закона Республики Казахстан «О естественных монополиях», выразившееся в неисполнении статей затрат утвержденной тарифной сметы за 2024 год, в результате которого причинен ущерб потребителям на сумму 4 475,8 тыс. тенге, с учетом ставки рефинансирования 18% годовых, установленного Национальным банком Республики Казахстан на сумму 5 281,44 тыс. тенге, утвердить товариществу с ограниченной ответственностью «Балхаш Су» временный компенсирующий тариф на сумму необоснованно полученного дохода.

2. Утвердить товариществу с ограниченной ответственностью «Балхаш Су» временный компенсирующий тариф на услуги отвода сточных вод г. Балхаш, сроком на 4,5 месяца **с 1 декабря 2025 года до 16 апреля 2026 года** в размере **97,07 тенге** за 1 м3 без учета НДС.

3. Отделу контроля за соблюдением законодательства, исковой и организационной работы Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области довести настоящий приказ до сведения товарищества с ограниченной ответственностью «Балхаш Су».

4. Товариществу с ограниченной ответственностью «Балхаш Су» довести информацию об утверждении временного компенсирующего тарифа до потребителей в установленные законодательством сроки.

5. Товариществу с ограниченной ответственностью «Балхаш Су» представить в Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области информацию о факте уведомления потребителей.

6. В соответствии с пунктом 229 Правил, товариществу с ограниченной ответственностью «Балхаш Су» ежемесячно, в период действия временного компенсирующего тарифа доводить до сведения потребителей информацию о снижении тарифа в виде примечания к стоимости регулируемой услуги.

7. Контроль за исполнением настоящего приказа возлагаю на заместителя руководителя Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Карагандинской области К. Мустапина.

8. Настоящий приказ вступает в силу со дня подписания.

Руководитель **К. Бейсенов**